

Жетібаев Н.С.,
Пойызбаева А.С.

**Адамдарды саудаға салу
қылмыстық құқық бұзушылық
құрамы объектісінің
ерекшеліктері**

Жалпыға мәлім қылмыстық заңның құрылымы топтық, түрлік және негізгі қылмыстық құқық бұзушылықты сипаттайтын белгілерді қамтиды. Отандық қылмыстық құқық ғылымында қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түсінігіне қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасау нәтижесінде зиян келтірілетін немесе нақты елеулі зиян келтірілу қаупі туындайтын қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы түсіндіріледі. Қылмыстық заңның аталған құрылымы бойынша адамдарды саудаға салу қылмыстық құқық бұзушылық құрамының топтық объектісі болып адамның құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылмауын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар мен мүдделер танылады. Негізгі тікелей объектісі болып өзіне өзі ерік құқығына ие және кеңістікте өзін-өзі тұруды анықтай алатын құқығы бар адамның жеке бостандығына қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар мен мүдделер. Осындай көзқарас адамдар саудасына қылмыстық-құқықтық қарсы әрекет шараларын әзірлеуге және жетілдіруге арналған зерттеу еңбектеріне қатысты адамдарды саудаға салу объектісін сипаттауға толық келеді.

Түйін сөздер: адамдар саудасы, қылмыстық құқық бұзушылық объектісі, мүдделер, бостандығынан айыру, зиян.

Jetibayev N.S.,
Poizbayeva A.S.

**Features of the object of the
criminal offense trafficking
composition**

It is well known that the structuring of criminal law is based on the symptoms that characterize the genus, species and the main direct object of a criminal offense. The traditional science of domestic criminal law a definition of the object of the criminal offense as a set of legally protected public relations and interests, which as a result of committing a socially dangerous act harmed or a real threat of substantial harm. Based on this definition and the structure of the criminal law, it is possible to draw a conclusion as to what generic trafficked recognized public relations and the interests of ensuring the inviolability of individual rights and freedoms; species – the social relations and the interests of ensuring the inviolability of the freedom, honor and dignity; the main direct object – the public relations and the interests of ensuring the inviolability of personal freedom as the right to dispose of himself freely to determine their location in space. Such an approach is fully consistent with the basic conclusions about the characteristics of the object of trafficking, obtained by researchers who have dedicated their works of development and improvement of criminal law measures to combat human trafficking.

Key words: human trafficking, criminal offense object, interests imprisonment harm.

Джетібаев Н.С.,
Пойызбаева А.С.

**Особенности объекта состава
уголовного правонарушения,
как торговля людьми**

Общеизвестно, что структурирование уголовного законодательства основывается на признаках, характеризующих родовой, видовой и основной непосредственный объекты уголовного правонарушения. Традиционным для науки отечественного уголовного права является определение объекта уголовного правонарушения как совокупности охраняемых уголовным законом общественных отношений и интересов, которым в результате совершения общественно опасного деяния причиняется вред или создается реальная угроза причинения существенного вреда. Исходя из данного определения и структуры уголовного закона, представляется возможным сделать вывод относительно того, что родовым объектом торговли людьми признаются общественные отношения и интересы, обеспечивающие неприкосновенность прав и свобод личности; видовым – общественные отношения и интересы, обеспечивающие неприкосновенность свободы, чести и достоинства личности; основным непосредственным объектом – общественные отношения и интересы, обеспечивающие неприкосновенность личной свободы человека как права распоряжаться самим собой, свободно определять свое местонахождение в пространстве.

Ключевые слова: торговля людьми, объект уголовного правонарушения, интересы, лишение свободы, вред.

**АДАМДАРДЫ САУДАҒА
САЛУ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ
ҚҰРАМЫ
ОБЪЕКТИСІНІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Шынайы қылмыстық қол сұғушылықтың объектісін анықтау қылмыстық құқықта теориялық және практикалық маңызға ие. Қылмыстық заңның құрылымы топтық, түрлік және негізгі қылмыстық құқық бұзушылықты сипаттайтын белгілерден тұрады. Дәстүрлі түрде отандық қылмыстық құқық ғылымында қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түсінігіне қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасау нәтижесінде зиян келтірілетін немесе нақты елеулі зиян келтірілу қаупі туындайтын қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығын түсінеміз.

Объект болмаса қылмыстық құқық бұзушылық та жоқ. Б.С. Никифоровтың айтуынша «қылмыстық құқық өзінің нормаларымен адамның мінез-құлқын реттей отыра, қоғамдық қатынастарды бекітеді және оларды құқықбұзушылықтан қорғайды» [1, 13 б.]. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін дұрыс анықтау, ауырлық дәрежесі ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір-бірінен ажырату, қылмыстық құқық бұзушылықты қылмыстық құқық бұзушылық емес әрекеттерден анықтауда негізгі критерий болып есептеледі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі деп қылмыстық құқық бұзушылықтан қылмыстық заң бойынша қорғалатын қоғамдық қатынастарды айтамыз. Қылмыстық заңмен қорғалмаған қатынастар қылмыстық құқық бұзушылық объектісі бола алмайды.

Қылмыстық құқықтың теориясында ең алғаш рет қылмыстық құқық бұзушылық объектісіне субъективтік құқық ретінде түсінік берілді. Бұл теорияның алғашқы өкілдері «қылмыстың объектісі болып адамдардың субъективтік құқығы танылады», – деді.

Қылмыстық-құқықтық әдебиетте қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі деп тұлғаның субъективтік құқығы, олардың нақты өмір сүруіндегі құқықтық нормалар, қоғамның дұрыс өмір сүру шарты, құқықтық нормалармен қорғалатын өмірлік мүдделер, құқықтық игіліктер басқа да құбылыстар танылады [2, 11 б.].

Заңгер ғалым Ф.Листің пікірінше, қылмыстың объектісі деп өмірлік мүдденің қорғалатын құқығы танылады [3, 129 б.].

Белгілі орыс оқымыстысы Н.С. Таганцев «қылмыстың объектісі болып оның нақты қолдануындағы құқықтық норма танылады», – деді. Қылмыстың объектісін осылай анықтай отырып Н.С. Таганцев А. Фейербахтың субъективті құқықты объект деп тану пікіріне қарсы көзқараста болды [1, 178 б.].

Кез келген қылмыс екі объектіден: негізгі қатынастармен бұзылатын және тікелей қоғамдық қатынастармен қалыптасқан, белгілі бір шектердегі қатынастар танылады [4, 128 б.]. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі жайлы Е.І. Қайыржанов «Қылмыстың объектісі құқықпен тыйым салудың сипатын, заңмен тыйым салынған әрекеттердің шеңбері мен шегін, олардың қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін анықтайды. Сондықтан объект қылмысты анықтауда басымдыққа ие» [5, 4 б.], – деген пікірді айтқан.

Қоғамдық қатынастар басқа да қатынастарға карағанда әлеуметтік әрекеттің нәтижесі ретінде туындайды. Қоғамдық қатынастардың айрықша элементі ретінде заттың орнына байланыс танылады. Қоғамдық қатынас осы затқа әсер етуінен туындайды.

Қылмыстық заң әр түрлі күрделі және олардың ұйымдастырылуына немесе әлеуметтік маңызына байланысты әркелкі деңгейдегі қоғамдық қатынастарды реттейді. Тек қоғамдық қатынастарды талдау арқылы қатынастардың мәнін анықтауға мүмкіндік береді, – деген пікірде [6, 29 б.].

Осы пікірмен келісе отырып, қылмыстың объектілеріндегі қоғамдық қатынастар қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектісі және құқықтық реттеу заты ретінде, топтардың, қоғамның әлеуметтік институттарының іс-әрекеті мүддесіне сәйкес пайда болады немесе анықталады, олардың мазмұны болып әлеуметтік мүмкіндік, белгілі бір мінез-құлық қажеттілігі немесе тыйым салынуы әлде қоғамдық қатынастар субъектісінің белгілі бір жағдайының әлеуметтік мүмкіндігі.

Қылмыстық кодекстің 2 бабының 1 бөлігінде қоғамдық қатынастардың жалпылай ұғымы берілген. Осыған сәйкес қылмыстың объектілеріне адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыс-

тық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

Қазақстандық ғалым А.Н. Ағыбаев «Біздің пікірімізше, мүдде деген ұғым қоғамдық қатынастардың құрамдас бөлігі ғана. Қоғамдық қатынастар қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы объектісі ретінде өз бойына мына элементтерді: қоғамдық қатынастардың субъектілерінің, олардың әрекеттері мен өзара қатынастарының, қоғамдық қатынастар субъектілерінің заңмен қорғалатын материалдық, заттық, мүлдік, басқа да игіліктері мен мүдделерінің жиынтығы болып табылады. Осыған сәйкес қоғамдық қатынастар мінез-құлықтары, іс-әрекеттері мен олардың өзара байланыстарының көріністерінің жиынтығы болып табылады» – деген пікір келтіреді [7, 61 б.].

Адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылық құрамы «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауында орналасқан.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 128-бабы Адам саудасы қылмыс құрамына арналған.

Адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының топтық объектісі – адамның құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылмауын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар мен мүдделер танылады.

Қылмыстың объектісі ретінде қоғамдық қатынастарды тану қылмыстың қоғамға қауіптілік белгісін анықтауға мүмкіндік береді, яғни сол немесе басқа да іс-әрекетті қоғамға қауіптілік іс-әрекетіне жатқызылатындығы, сонымен бірге қылмыс жасаған адамға қылмыстық жазаны қолданылу қажеттілігімен де байланысты.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың тікелей объектісі негізгі тікелей объект, қосымша тікелей объект және факультативті тікелей объект деп бөлінеді.

Негізгі тікелей объект деп қоғамдық мүддені қорғау үшін қылмыстық заң нормасы шығарылатын және осы басты белгісі бойынша Қылмыстық кодекстің тиісті тарауына орналастыруға негіз болатын объектіні айтамыз. Негізгі тікелей объектінің мазмұнын қарай отырып, теориялық және тәжірибелік қатысы жағынан екі маңызды қылмыстық қол сұғушылықты анықтау қажет. Оның біріншісі, қылмыстық-құқықтық қорғаудың мазмұнын құрайтын нақты әлеуметтік игіліктерді бөлу мүмкіндігін анықтау, келесісі бірыңғай қылмыстарды жасау барысында аталған объектілердің көптік деңгейінің өмір сүруін анықтау. Адам саудасы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының тікелей объектісі

жеке адамның бостандығы танылады. Мысалы, Л.А. Прохоров және М.Л. Прохорова адам саудасы қылмыстарының негізгі тікелей объектісіне адамның бас бостандығын қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды, негізгі қосымша объектісіне адамның денсаулығын қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды жатқызады. Адамның өмірін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды аталған авторлар факультативті объектіге жатқызады. А.А. Жинкин, А.Г. Кибальник және И.Г. Соломоненко, Т.В. Долголенко, О. Дмитриев, В.М. Гаммаев та осындай көзқарасты жақтайды [8, 102 б]. Сөзсіз сот-тергеу тәжірибесі көрсеткеніндей көптеген жағдайларда адамдарды саудаға салу барысында зиян адамның бостандығына кел-

тіріледі. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау барысында тек бір объектіге зиян келтіру немесе елеулі зиян келтіру нақты қаупін туғызу қоғамға қауіпті жасалынған іс-әрекеттің шынайы сипатын анықтауы мүмкін: ең алдымен аталған қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне зиян келтіру кінәлінің қылмыстық мінез-құлқына бағытталады. Біздің пікірімізше, жоғарыда аталған ғалымдардың пікірін жақтай отырып, адамдарды саудаға салу қылмыстық құқық бұзушылығының топтық объектісі болып адамның құқықтары мен бостандықтарын қол сұғылмауын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар мен мүдделер танылады, осы тұрғыдағы қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісі болып жеке адамның бостандығы танылады.

Әдебиеттер

- 1 Таганцев Н.С. Русское уголовное право. – М.: Наука, 1994. – Т.1 – 382 с.
- 2 Коржанский Н.И. Объект и предмет уголовно-правовой охраны. – М.: Госюриздат, 1980. – 248 с.
- 3 Курс советского уголовного права. – М.: Наука, 1970. – Т.2. – 514 с.
- 4 Коржанский Н.И. Объект посягательства и квалификация преступлений. – Волгоград: Высшая следственная школа, 1976. – 120 с.
- 5 Кайржанов Е.И. Объект преступления и интересы социальных субъектов. – Алматы, 2008. – 172 с.
- 6 Глистин В.К. Проблема уголовно-правовой охраны общественных отношений. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1979. – 128 с.
- 7 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлік. – 2014. – 325 б.
- 8 Винокуров В.Н. Объект преступления: история развития и проблемы понимания. – Красноярск, 2009. – С. 235.

References

- 1 Tagancev N.S. Russkoe ugolovnoe pravo. – M.: Nauka, 1994. – T.1 – 382 s.
- 2 Korzhanskij N.I. Ob#ekt i predmet ugolovno-pravovoj ohrany. – M.: Gosju-rizdat, 1980. – 248 s.
- 3 Kurs sovetskogo ugolovnogo prava. – M.: Nauka, 1970. – T.2. – 514 s.
- 4 Korzhanskij N.I. Ob#ekt posjagatel'stva i kvalifikacija prestuplenij. – Volgograd: Vysshaja sledstvennaja shkola, 1976. – 120 s.
- 5 Kajrzhanov E.I. Ob#ekt prestuplenija i interesy social'nyh sub#ektov. – Almaty, 2008. – 172 s.
- 6 Glistin V.K. Problema ugolovno-pravovoj ohrany obshhestvennyh otnoshenij. – L.: Izd-vo LGU, 1979. – 128 s.
- 7 Aғыbaev A.N. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлік. – 2014. – 325 б.
- 8 Vinokurov V.N. Ob#ekt prestuplenija: istorija razvitija i problemy ponima-nija. – Krasnojarsk, 2009. – S. 235.